



Ақмешіт

9 қараша
сейсенбі
№89 (1791)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы



ЖОЛДАУ

Жыл сайын жарияланатын Жолдау жалпақ жұртшылыққа жаңа үміт сыйлап, тың серпін береді. Ол ең алдымен елдің әлеуметтік-экономикалық ақуалының артуына оң әсерін тигізеді сөзсіз.

РУХАНИЯТҚА ҚОЛДАУ КӨПТІК ЕТПЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында өзекті мәселелер сараланды.

Елімізді нақты стратегиялық дамуға бастайтын бұл Жолдау барлық саланы қамтыды. Жаңа реформаның қабылдануы алдағы уақытта елімізге кең өріс бермек. Қазақстан дамыған мемлекеттер қатарынан көрініп, ел экономикасы жанданатындығы анық. Онда айтылған түйінді мәселелер және оларды шешуге бағытталған нақты міндеттер біздің ертеңгі күнге деген сенімімізді бұрынғыдан да нығайта түспек. Жолдауда көтерілген қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және қауіпсіздік салаларындағы қандай мәселе болса да олар ел тілегін ескеруден туғаны әрбір азаматқа түсінікті жәйт. Президенттің мәдениет қызметкерлерін қолдау туралы талабы сол саланың мамандарына серпін берді. 2025 жылға дейін кітапхана, музей, театр қызметкерлерінің жалақыларын жыл сайын 20 процентке көтеру – ел руханиятына және мәдениет қызметкерлеріне деген шынайы жанашырлық.

Бұл ретте әрбір отандасамыз өз тарапынан Жолдау айқындаған мақсатқа жету жолында жұмыла еңбек етуді мұрат тұтқаны жөн.

«Мәдениет қызметкерлері, қорықшылар, кітапханашылар, көлік жүргізушілердің жалақысы 2022-2025 жылдар аралығында 20 процентке арттыру тапсырылады. Бұл бастаманың игілігін 600 мың отандасамыз көреді», – деді Президент.

Мәдениет саласындағы көптеген қызметкерлердің жалақысы төмен болып келді. Мы-



салы, кітапханашылар. Олардың жалақысына Президентіміз көңіл аударды. Олардың жалақысы жыл сайын 20 процентке көтерілетін болады. Осы категория бойынша кітапханашылар мен мұрағатшылардың айлығы өседі. Ғалымдар қауымын толғандырып жүрген түйткіл мәселенің бірі осы болатын. Бұл да өз кезегінде шешімін тауып отыр. Мұның барлығы тәуелсіздігіміздің арқасы екенін ұғыну керек, – дейді тарихшы, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас.

Жолдауда айтылған әрбір бағдарлама жаңашылдыққа үндеп, барша қазақстандықтарға жауапкершілік жүктейді. Бұл – кемел келешек жолындағы жарқын қадамның бірі. Білім алудың қолжетімділігі мен кәсіпкерлердің инновациялық идеяларына қолдау көрсетілетіні де тың идеядан туындаған жоспар.

Бүгінгідей ақпарат пен жаңа технологиялардың дамыған заманында, өзгелерге үлгі болатын өркеніңіз әлемінде өз орнымызды қалыптастыру үшін бізге бірлік пен білім қажет.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев арнайы техникалардың қысқа дайындық жұмыстарын пысықтау мақсатында «Қызылорда тазалығы» ЖШС техникалық базасын аралады.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?



Қазіргі таңда серіктестік тентеріндегі техниканың 90 проценті алдағы маусымдағы ауқымды жұмыстарға дайын. Бүгінде тыңғылықты даярлық шаралары жүргізілді.

– Соңғы кезде тұрғындар тарапынан қала тазалығына қатысты түрлі сыни сауалдар түсуде. Қыс мезгіліне дайынбыз деп арқаны кеңге салуға болмайды. Күнделікті күш-жігерді тазалық жұмыстарына жұмылдыру қажет. Сондай-ақ тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыруға ерекше мән беріп, бағыт-бағдар беруде тиімді тәсілдерді пайдалану керек, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар мекеме базасына 240 тонна тұз және 1000 тонна құм жинақталды. Қала басшысы серіктестік директорына құм мен тұз қоспасының сапасына ерекше мән беріп, қар тасымалдау сызбасы кестеге сай жүру қажеттігін ескертті. Ең бастысы, қар жауған кезде тұрғындардың қауіпсіздігі, жол кептелісі болмауы үшін көшелерді, жаяу жүргіншілер жолын таңғы қарбаласқа дейін тазалау керектігін баса айтты.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Қала тазалығы – бәрімізге ортақ. Тазалықпен айналысатын мекеменің қызметкерлері өз жұмысын жауапкершілікпен атқаратынын көпшілік жақсы біледі. Таңның атысы, күннің батысы демей, ыстық пен суықты да елемей еңбек етіп келеді.

ТАЗАЛЫҚ – ШАҢАР ШЫРАЙЫ

Қазіргі таңда серіктестікте 5 бағыт бойынша жұмыс атқарылуда. Атап айтар болсақ, санитарлық тазалық, тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, көпқабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсету, тұрғын үйлерді қайта жаңғырту (модернизация) жұмыстары жатады. 2021 жылы кіріс көздерінің азаюына байланысты «Қызылорда тазалығы» мекемесінің штаттық құрамына онтайландыру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде штаттық құрылым 486 адамды құрап, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19,13 процентке азайды. Штаттық құрылымның қысқаруына байланысты нақты қызметкерлерге төленген жалақы қоры 431 млн теңгені құраған.



2 БЕТТЕ

Айгүл МҰХАНБЕТЖАНОВА,
кәсіпкер:

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫН БАЛЫҚПЕН ҚАМТЫП ОТЫРМЫН


Бүгінде мемлекет өз ісін өрбітем дегендерге көмек қолын созып келеді. Әсіресе соңғы жылдары кәсіпкерлікке айтарлықтай көңіл бөлінуде. Жалпы ерінбегенге шаруа шаш етекпен. Осы орайда облысымызда балық өнеркәсібінің дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан Айгүл Мұханбетжановамен әңгімелескен едік.

Кәсіпкер негізінен шикі балықты сатумен айналысады. Бұл істі ол 1998 жылы анасының бастамасымен қолға алған. Алғашында Бөйгеқұмның көлі мен каналынан ауланған балықты қалаға әкеліп саудалап азын аулақ ақша қылады. Осылайша тиыннан-тиын құраған ол бизнестегі алғашқы қадамын Қызылорданың «ескі базарында» сатушылықтан бастайды. Кейін араға жылдар салып, саудасын кеңейтіп, 2005 жылы «Алтын балық» дүкенін ашады. Осы жылдары ресми жеке кәсіпкер ретінде тіркелген оның жұмысы жанданып, кәсібі дөңгелей бастайды. 2010 жылы Бегім ана көшесінің бойындағы үлкен ғимаратты 250 мың долларға сатып алып, «Арзан балық» дүкенін ашты.

2 БЕТТЕ

COVID-19: ҚАУІП СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

8 қарашада Қазақстанда барлығы 1031 адамның коронавирустық инфекция жұқтырғаны анықталды. Елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 949630-ға жетті. Оның ішінде 15 адам Қызылорда облысында екенін айта кетейік. Бүгінде облыс бойынша инфекциялық стационарда – 173 науқас, реанимациялық төсек-орында 19 науқас емделіп жатыр.



Өткен жылдан бері коронавирус инфекциясымен Сыр өңірінде 19019 науқас тіркеліп, 18216-ы емделіп шықты. Соңғы мәлімет бойынша, 15 жағдай анықталып отыр.

Қазіргі кезде Қызылорда, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Алматы, Түркістан, Жамбыл, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан облыстары жасыл аймақта. Ал сары аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Қарағанды облысы бар. Сонымен қатар Қостанай, Павлодар, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары әлі күнге дейін қызыл аймақта тұр.

«Ақмешіт-ақпарат»

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу басталды. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз тәуірде тұрсын! Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08

Соның өзінде қала аумағының санитарлық тазалығын қалыптастыруда ұстап тұру мақсатында осы көрсеткіштің өзі адам санының аз екендігін көрсетуде. Себебі штаттағы жұмыскерлермен қала аумағының барлық көшесін қамтып тазалау жұмыстарын жүргізу мүмкін болмауда. Соған қарамастан жұмысшылардың еңбекорлығының арқасында тиісті жұмыстар уақытылы ұқыптылықпен жүргізіледі. Серіктестік қала бойынша көптеген тұрғын үйлерге, жеке сектордағы тұрғын үйлерге тұрмыстық қатты қалдықтар шығару қызметін көрсетеді. Көптеген тұрғын үй саны қала бойынша 824 болса, оның ішінде 764 көптеген тұрғын үйді тұрмыстық қатты қалдықтарын шығару қызметін көрсетеді. Қаладағы жалпы саны 287 қоқыс

демалысына шығуы, заң аясында материалдық көмек көрсетілуі басылық бақылауында. Штаттық құрылымды қайта жасақтау нәтижесінде олардың жалқыларын 25 процентке дейін өсіруге мүмкіндік туды. Сонымен қатар техникалардың басым көпшілігінің тозығы жеткендігін ескеріп мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтуды қолға алдық. Қазіргі кезде жергілікті атқарушы органдарға ұсыныс енгізіліп, заманауи коммуналдық техникалар алуды жоспарлаудамыз.

Қала тазалығы – бәрімізге ортақ іс. Қазіргі таңда қала көлемінде контейнер орнатпаған жеке сектор тұрғындарының көше қиылысына жасырын түрде тастаған қоқыстары жинастырылып, арнайы қоқыс тасталатын орынға тасымалданып келеді.



ТАЗАЛЫҚ – ШАҒАР ШЫРАЙЫ

алаңына 1350 контейнер орнатылған. Көптеген тұрғын үйлерге тозығы жеткен 341 дана қоқыс жәшігі жаңартылды. Тозығы жеткен контейнерлер уақытылы жыл сайын ауыстырылуда.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы №943 бұйрығына сәйкес жұмысшы киімі жылына бір мәрте жыл мезгілдеріне қарай берілуі керек деп бекітілген. Жұмысшыларды жұмыс уақытында тасымалдайтын автокөліктер салық көрсеткіші 271 бабына байланысты 7 жылда жарамсыз болады. Сонымен қатар ТМД елдерінің техникалық регламентіне сәйкес арнайы техникалардың пайдалану мерзімі 7 жылды құрайтыны бекітілген. Арнайы киімге мемлекет тарапынан қаражат бөлінбейтіндіктен, жұмыскерлерді арнаулы киімдермен қамтамасыз ету мекеме есебінен іске асырылады.

– Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы» ЖШС теңгерімінде барлығы 112 дана арнайы техника бар. Серіктестіктегі 2012-2014 жылғы техникалардың 77 процентінің тозығы жеткен. Яғни барлық 112 дана техниканың 87 данасы көнерген. Бұл арнайы техникалар паркінің тозу көрсеткішінің ұлғайғанын көрсетеді. Арнайы техникалардың көнеуі себепті техникалардың жиі бұзылуы қала тазалығын дұрыс ұстап тұруда қиыншылықтарға соқтырып, жаңа техникалар алу қажеттілігі туындауда. Осы себепті бюджеттен қаржы қаралған жағдайда, бірақтар техниканы жаңартуды жоспарлап отырмыз. Қаламыздың санитарлық тазалық жұмыстарына бюджеттен қаралған қаржы 240 көшені қамтыса, серіктестік осы жұмыс көлемін 120 жұмысшымен атқарады. Алдағы уақытта санитарлық тазалыққа бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі өссе, жұмысшы санын көбейтеміз деген жоспарымыз бар. Жұмысшылар жалқысы 75 пен 85 мың теңгені құрайды. Маусымдық жұмыс уақытында жұмысшылар мен жүк тиеушілерге 100 мыңға дейін жалқы төленеді. Алдағы уақытта санитарлық тазалыққа бюджеттен төленетін қаржы көлеміне сәйкес жұмысшылар жалқысын өсіру көзделіп отыр. Өткен жылдармен салыстырғанда жұмысшылар жалқысы 10000 теңгеге өсті. Қызметке тағайындалған соң серіктестіктегі жұмыскерлердің 90 проценті жұмысшылар мен жүргізушілер құрайтынын ескеріп, бірінші күннен бастап сол азаматтардың әлеуметтік жағдайын ескеруді, уақытылы еңбек

Басы 1-бетте



Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 16 мамырдағы №121 шешіміне сәйкес, «Жеке және заңды тұлғалар, олардың қызметі нәтижесінде пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтары пайда болған кезінен бастап қалдықтармен қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз етеді. Жеке және заңды тұлғалар тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған контейнерлерде тұрмыстық қатты қалдықтарды жинақтайды», – делінген яғни әрбір тұлға өз ауласына стандартты контейнер орнатып, қоқыс жинақтауы міндетті. Қала тұрғындарын қоршаған ортаға жанашырлық танытуға, қоғамдық орында тазалықты сақтауға шақырамыз, – дейді «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Талғат Бекмырзаұлы.

P.S. «Тазалық табалдырықтан басталады» дейді дана халқымыз. Күн сайын қолына сыпырғы мен күрек ұстайтын тазалық жанашырларының еңбегі ерен. 200-ге жуық жұмысшы аптап ыстықта, жауын мен дауылға қарамай жұмыс істейді. Ауа райының қандай қойайсыздығы болсын тазалықшылардың жұмысы тоқтамайды. Таң сәрінен көше сыпырып, қоқыс терген жұмысшылар қала тұрғындарының жауапкершілігінен үмітті. Баласын қоқыс төгуге жіберетін кейбір ата-аналар арнайы жәшікке қоқысты апарды ма, болмаса аулаға, көшеге қалдырып кетті ме, сұрамайтыны аян. Мекеме бақылаушылары тарапынан күн сайын жеке сектор және көпқабатты үйлердің тұрғындарына ескертпе парақшаларды таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Осы мақсатта қала және шет аймақ көше қиылыстарына қоқыс тастамау жөнінде 91 дана ескерту тастайшасы орнатылды. Көпқабатты тұрғын үй арасында орналасқан қоқыс алаңына құрылыс қалдықтарын тастамау жөнінде 40 дана ескерту тастайшалары ілінді. Өкінішке қарай, кейбір адамдар қоқысты кез келген жерге төгіп, тазалықшылардың еңбегін бағаламайды. Қаланың тазалығы бәрімізге ортақ екендігін ұмытпағанымыз абзал.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

БАС ШАҒАРДЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жақында қала әкімі Ғанибек Қазанғаев қаладан сайланған облыстық және қалалық мәслихат депутаттарымен кездесті. Жиында бас шағардың даму бағдарламасы мен алдағы міндеттер талқыланды.

Облыс орталығының 2021-2023 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, республикалық және жергілікті бюджеттерге 21 млрд 187 млн теңгенің 49 жобасы ұсынылып отыр. Оған дейін халық қалаушылары әрбір жобаны жан-жақты талқылап, тиімділігін таразылауы тиіс. Жобалардың барлығы коммуналдық саланы ілгерілетуге, қызмет сапасын жақсартуға, шағарды абаттандыруға, халыққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Солардың қатарында соңғы уақытта күрделі мәселеге айналған қоғамдық көлік қатынасы, ауыз су және аяқ судын үздіксіз берілуі және тазалық жұмыстарының үйлестірілуі бар. Келелі кеңесуде депутаттар ұсыныстарын айтып, пікір алмасты.

ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫ ДАЙЫН

Биыл облыс бойынша 188,1 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл күріштің көлемі – 83,6 мың гектар. Аудандарда егілген 6,8 мың гектар күздік бидайдан 9,4 мың тонна өнім жиналды. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайратбек Сәрсенбаев егін жинау науқанының қорытындысы мен қысқы мал азығын даярлау жөніндегі жұмыстарды тізбектеді.

«Биылғы орын алған су тапшылығына байланысты күріш дақылдың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 5,9 мың гектарға азайтылды. Ал көкөніс және бақша дақылдарының көлемі 9,8 мың гектарға дейін артып, егіс көлемі 3,9 мың гектарға көбейді. Жазық бидайдан 4,4 мың тонна өнім жиналды. Жалпы күзгі егін жинау науқаны толық аяқталды», – деді Қайратбек Сәрсенбаев.

Аймақта мал шаруашылығы саласында оң динамика қалыптасып, мал басы тұрақты өсіп келеді. Сондай-ақ төрт түліктен өндірілген өнім көлемі де артуда. Биыл облыс бойынша қысқа түсетін 534,7 мың мал басына 769,9 мың тонна ірі азық дайындау жоспарланған. Қазіргі таңда қажетті мал азығы 109,8 пайызды құрады.

«Мал басында өткен жылмен салыстырғанда біршама өсу байқалды. Атап айтсақ, мүйізді ірі қара – 8,2, қой мен ешкі – 6,5, жылқы – 14,2, түйе – 8,1 процентке көбейді. Тиісінше, ет өндірісі 2,4, сүт өнімі 2,3, жұмыртқа 3,1 процентке артты. Бұдан бөлек, облыс бойынша қуаңшылық зардабын жоюдың және қысқа түсетін ауыл шаруашылығы жануарларын жем-шөп қорымен қамтамасыз етудің арнайы жоспары бекітілді. Қысқа түсетін малдарға 213,6 мың тонна азық қажет, бүгінде соның 80,9 проценті қамтылды», – деді Қайратбек Әубәкірұлы.

ТҰМАУ АСҚЫНАТЫН УАҚЫТ

Бүгінде ауа райының тұрақсыздығы мен күннің салқындауына байланысты ЖРВИ, тұмау ауруларының таралуы күрт артқан. Әсіресе балалар арасында желдеткіштер вирустық инфекция көбейген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының аға мен баға денсаулығын қорғау жөніндегі орынбасары Мая Мирзанова мәлімдеді.

Оның айтуынша, осы жылдың қыркүйек айында желдеткіштермен байланысты 18 жасқа дейінгі балаларға шақыртулар қазан айымен салыстырғанда 32,9 процентке артып, яғни 17105 шақырту болған. Ауруханаға тасымалдану бойынша 2 айды салыстырғанда 24 процентке жоғарылаған. Аталмыш диагнозбен ауруханаға жатқызу 54 процентті құрап отыр. Оның ішінде ЖРВИ-мен 5 жасқа дейінгі балалар арасында ауруханаға жатқызу да 54,5 пайызға өскен.

– Айта кету керек, болжам бойынша қаңтар айының аяғы және ақпанның басында ауру өршиді, мамыр айында сырқаттану азая бастайды, – дейді Мая Мирзанова.

ДДСҰ-мен берілген кеңесін негізге ала отырып, тұмаудың эпидемиологиялық тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету мақсатында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алуға қаражат бөлінеді. Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымованың айтуынша, тұмауға қарсы вакцина егу үстеміздің жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызынан бастап жергілікті емханаларда жүргізілуде. Облыс бойынша қазір тұмау ауруына қарсы 82383 азамат егумен қамтылған, оның 80383-і жергілікті бюджет есебінен егілсе, 2000 азамат жұмыс берушілер тарапынан қамтылған.

«Ақмешіт-ақпарат»

Қиындығы мен қызығы мол істе жұбайы Байқоңыр да жанынан табылып, көмегін аяған емес. Бүгінде базарда жана ауланған балықтың түр-түрі сатылады. Көпшілігі облыстың жергілікті су қоймаларынан алынады. Сатушылар балықты толық тазалап, тұтынушы қажет деп тапса, бөліктеп те береді.

Қазіргі таңда балық дүкені қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Оның ішінде балықты қабылдап жуатын, аршып соятын жер мен балықты сақтайтын мұздатқыш та бар. Ал сөреден балықтың Дағыстан мен Атырау және Сырдария мен Аралдың сазанын, тұқы, жайын, шортан, жыланбас, көксерке, амур, сазан, күміс тұқы, табан, жерік секілді түрлерін кездестіруге болады. Сонымен қоса, қуырылған балық пен уылдырық, мұздатылған уылдырық және тартылған балық та ұсынады. Дайын балық 5 тоннаға дейін өнім сыятын камералармен жабдықталған қоймада сақталады.

– Балық сатып, кәсіп бастағаным 20 жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыт аралығында талай қиындықтан өттім. Бірақ ештеңеге мойығаным жоқ. Керісінше шыңдалып, кәсібімді дөңгелетіп, жандандырдым. Осы аралықта талай адамды жұмыспен қамтдым.

Қазір 4 адам жұмыс істейді. Жұмысшы жалқысы 120-180 мың теңге аралығында. Қалғандары дүкенді жалға алып жұмыс істеп отыр. Яғни, мен балықты жеткізіп беріп, үстінен пайдамды көрем және дүкенді пайдалану үшін қызметкерлерден ай сайын төлем аламын. Сонын олар менен алған балықтың үстіне ақша қосып, халыққа сатады. Бәрінің жеке кәсіпкерлігі бар. Демалысыз жұмыс істейміз.

Басы 1-бетте



Айгүл МҰХАНБЕТЖАНОВА, кәсіпкер:

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫН БАЛЫҚПЕН ҚАМТЫП ОТЫРМЫН

Енді алдағы уақытта осы кәсіптің аясын одан әрі кеңейткім келеді. Өткенде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына барып, КБІ шағын ауданынан және сол жағалаудан кәсіпкерлік мақсатта жер беруін сұрадым. Рұқсат берсе, дүкен салсақ деймін. Жоспарымды көрсеттім. Тағы да балық дүкенін ашқым келеді. Өйткені осы екі аумақта жаңадан үйлер бой көтеріп жатыр. Енді онда қанша адам тұратынын есептегенім. Бір жағынан сол маңға жақын тұратын тұрғындар үшін де тиімді болар еді, – дейді кәсіпкер.



Талай кәсіп тұралап қалған пандемия тұсында да кәсіпкер қиыннан қиынырап, пайданың көзін тапты. Ол мемлекеттен үш көлігіне рұқсат алып, қуырылған балықты тұтынушылардың үйіне жеткізіп беру қызметін жолға қойды. Мұнда әр ыдысы 5000 теңгеден. Бұдан бөлек кәсіпкердің ысталған және қақталған балықты сататын тағы бір дүкен бар.

20 жылдан аса кәсіпкерлікпен айналысқан Айгүл Тоғжанқызының тұтынушылары Қызылорда облысында ғана емес, Қазақстанның басқа қалаларында да бар. Тұтынушылар тіпті бүгінде Алматы, Тараз, Шымкент, Жезқазған қалаларынан келіп, тонналап балық алып кетеді.

Кәсіпкердің айтуынша, бизнес бастағаннан бері мемлекет қолдау танытып келеді. Биылда кәсіпкер айналым қаражатын толықтыру үшін «Бизнестің жол картасы 2025» мемлекеттік бағ-

дарламасы арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы тағы 16 млн теңге несие алған. Оған Дағыстан мен Атыраудан балық алдыртқан.

Бүгінде кәсіпкер сырттан және облыс көлемінен әкелінген балықтарға сұраныстың жоғары екенін айтады. Қазір ол Қызылордадағы көптеген мектеп, балабақша, түрме, әскери бөлімдер мен түрлі кәсіпкерлік нысандарын балық өнімімен қамтамасыз етіп отыр. Әсіресе балабақшалар тарапынан Қазалы зауытынан әкелінетін тартылған балыққа сұраныс көп екен. Кәсіпкер өңірдегі Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария сияқты аудандардан балық алдырып сатады.

«Негізі әр адамның тамақтану рационасында балық болуы шарт. Бірақ арқаға пайдасы тигізіп үшін балық дұрыс жағдайда сақталу керек. «Арзан балық» дүкенінің үш артықшылығы бар. Бірінші – мінсіз қызмет. Екінші –

өнімдердің жоғары сапасы. Үшінші – қолайлы баға. Бүгінде өзімді елдің дамуына үлес қосып келе жатқан кәсіпкермін деп санаймын. Осындай қасиетті жастарда бойына сіңіріп, елге пайдасын тигізсе екен деймін. Кәсіп бастау ешқашан кеш болмайды және қорқудың да қажеті жоқ. Үлкен армандар тәуекелдерге тәуелді. «Көз қорқақ, қол батыр» дейді қазақ. Ойына алған істі бастап қору керек, сүрінбей, құлайсың, қайта тұрасың. Ессесіне шыңдалып, бастаған



кәсібінің майталманына айналасың. Сонын мақсатыңның жолында табаңды болу шарт. Қолдан келсе, өзін сүйетін, ебін бар шаруамен айналысу керек. Пысықтық та артықтық етпейді. Қазір мемлекет тарапынан қолдау көп. Жас кәсіпкерлерге арналған бағдарламалар жетерлік. Тек кәсіп бастауға ниет болса болғаны», – дейді Айгүл Мұханбетжанова.

Ақтөлеу БІТІМБАЙ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

XX ғасырдағы қазақ халқының санасындағы қанқұйлы оқиғаның бірі – қуғын-сүргін. Сонау зұлмат жылдар мен саяси репрессияның нәтижесінде Қазақстан халқы үлкен шығынға ұшырады. Тәуелсіздік алғалы жазықсыз жалаңың құрбаны болған азаматтарды ақтау жұмысы жүргізіліп келеді. Осы орайда біз қуғын-сүргінге ұшырағандарды толықтай ақтау үшін құрылған республикалық комиссияның Қызылорда өңіріндегі мүшесі, аға оқытушы Бақытжан Ахметбекпен сұхбаттасқан едік.



**Бақытжан АХМЕТБЕК,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшесі:**

«АРХИВТЕН ЕКІ МЫҢНАН АСА АДАМНЫҢ АҚТАЛҒАНЫН ОҚЫДЫМ»

– Бақытжан Мұқарамұлы, сөзіміздің басын XX ғасырдың басындағы саяси ахуалдан бастасақ...

– Ол кезең қазақ елі үшін ең ауыр кезең дер едім. Себебі нағыз ұлт зиялылары сол уақытта өмір сүрді. Қазақтың қазіргі сара жолын салып берген де солар. Бірақ соның бәрін жоюға не себеп болды деген сұрақ туады.

Жалпы өткен ғасырда халықтың ертеңі ойлаған ұлт қайраткерлерінен қорыққан тоталитарлық билік өкілдері келер қауіптің алдын алуға барын салды. Елдің ішінен суырылып шыққан ұлт зиялыларын түбірімен жоюға бағытталған бұл кезең 1925 жылы қыркүйекте Қазақстандағы басшылық қызметке Ф.Голощекин келген соң мүлдем ұшығып кетті. Ол елде «Кіші қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанып, ұлттың зиялыларын жаппай қуғындады. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдан яғни Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан бастау алды. Барлығына «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Осылайша ұлттық автономия құру идеясын қолдағандардың бәрінің үстінен қылмыстық іс қозғалды. Түрмеге отырды, асылды, атылды. Жазасы жеңілі жер аударылды. Олардың арасында ғалымдар, мәдениет және саясат пен ғылымда жүрген қайраткерлер де болды. Сонымен қатар түрлі саяси желеумен олардың жақындары лагерлерге айдалып, үлкен зардап шекті. Голощекин осылайша барлығын ағаш алақанында, жұмса жұдырығында ұстады. Сол кезеңде қазақ жерінде 103 мыңнан астам адам қуғын-сүргінге ұшырады, 25 мыңнан астамы ату жазасына кесілді. Яғни 1930-1953 жылдары қазақтың 40 пайызы қаза тапты.

– Қуғын-сүргіннің саяси-әлеуметтік зардабы қаншалықты зерттелді?

– Ең бірінші, саяси ахуалға тоқталайық. Жалпы кеңестік кезеңде ешқандай ел қазақ сияқты көп зардап шеккен жоқ. Яғни мақсатты түрде бір елдің саяси элитасын құрту жоспары болмаған. Бұл саясат тек бізге ғана жасалды. Оның ішінде ұлт зиялылары, әр саланың үздіктері мен білімділері, идеясы мықты саясаткерлердің қай қуғын-сүргінге ұшырады. Бйлайынша айтқанда, қазақтың бетіндегі қаймағын қалқып алды. Екінші,



сол кезеңдердегі әлеуметтік жағдайға бұл оқиғалар үлкен зардабын тигізді. Себебі ғылым-білім, мәдениет, саясат саласындағы білгірлердің атылып кетуі, бұл салалардың тұралап қалуына ықпал етті. Негізгі ұйымдастырушы, бастаушы күштер кеткен соң ел әр саладағы жұмыстарды жүйелі жүргізе алмады.

Елдің ішінен суырылып шыққан ұлт зиялыларын түбірімен жоюға бағытталған бұл кезең 1925 жылы қыркүйекте Қазақстандағы басшылық қызметке Ф.Голощекин келген соң мүлдем ұшығып кетті. Ол елде «Кіші қазан» төңкерісін жүргізу саясатын ұстанып, ұлттың зиялыларын жаппай қуғындады. Саяси қуғын-сүргін Қазақстанда 1928 жылдан яғни Алаш қозғалысына қатысқан қайраткерлерді тұтқындаудан бастау алды. Барлығына «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Осылайша ұлттық автономия құру идеясын қолдағандардың бәрінің үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Алайда айта кететін бір жайт бар. Қаншама адам қырылып, ел іші дүрбелең болса да, қазақ шегінген емес.

– Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтау жөніндегі өңірлік комиссия мүшесісіз. Қазір нақты қай бағытта жұмыс істеп жатсыздар?

– Иә, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы жаппай

қуғынға ұшыраған саяси құрбандарын ақтау жөніндегі шешіміне байланысты биыл Қызылорда облысында өңірлік комиссия құрылды. Өңірлік жұмысшы тобымыз Сыр бойында 1930-1953 жылдары репрессияға ұшыраған адамдардың істерімен айналысады. Осы жұмыс тобында жүріп мен 72 адамды ақтауға ұсындым. Біз сонымен қатар 1941-45 жылдары Ұлы Отан соғысында жау қолынан түскен жауынгерлердің істерін әрі «Түркістан легионы» құрамында болған сырбойлықтар ақталмағандардың істерін және Сыр бойынан жер аударылғандардың, Қызылорда облысына өзге республикалардан жер аударылып келгендердің істерін қараудамыз.

– Жалпы осы кезге дейін қанша азамат ақталды?

– Негізі 2020 жылға дейін екі мыңнан астам адамның ақталғаны туралы мәліметтерді архивтен кездестірдім. Ал ақталмағандары одан да екі есе көп. Өз басым ЦПСИ архивінде жер аударылып келгендердің істерін ақтарғанда осында келген неміс, корей, кавказ, орыс, украин және т.б. ақталмағандардың санын көріп айтып отырмын.

– Репрессияға ұшырағандарды ақтау жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Жұмыс барысында өзінің алгоритмі болады. Жасаған қылмысы не әрекетіне байланысты қараймыз. Ол заманды білесіз ғой. «Сфабрикованное дело» деген түсінік бар емес пе.

– Алаш зиялыларының ішінде Қызылордадан ұсталып, ату жазасына кесілгендері бар ма?

– Жалпы ұлт зиялылары ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртып, қалпына келтірмей – ұлттың тұтастығы мен бірегейлігін, болашағын сақтау мүмкін еместігін анық білген ғой. Олардың бұл әрекетін байқаған патшалық билік ұлт зиялыларын сепаратистер ретінде қудалауға алды. Өкінішке қарай, патшалық биліктің бұл әрекетін кеңестік билік те жалғастырып, ұлт-азаттық қозғалысты біржолата тұншықтырды. Жазалау барысында Сыр өңірінен де қаншама адам тұтқындалды, атылды. Әйгілі Зарқұм Қуанышұлы, Қожбан батыр әрі хан Жұбанұлы (1870-1930) т.б. бар тізе берсең. Ал ірі мемлекеттік дәрежедегі тұлғалар сол кездегі астанамызда істері қаралды. Атылған жерлері де бөтен жерде.

– Алматы қаласына барып, сонда мемлекеттік архивтерді ақтарып қай-

Тереңөзек аудандарының жерінде молда Жұмағазы хан мен батыр Қожбан хан басқарған көтеріліс. Көтерілісшілер осы жылы Қарақұмда жиылады.

Сонда 1930 жылы 13 сәуірде Аралға келген әскери округтік комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде ҚАЗОАК төрағасының орынбасары Әліби Жангелдин, жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Ғабит Мүсірепов, т.б. бар мемлекеттік комиссия Қарақұмға аттанды. Бірнеше күнге созылған келіссөзден кейін, олар қаруы бар көтерілісшілердің қаруын тапсыруға көндірді.

Осыдан кейін Сыр бойында болған көтеріліске қатысқан халықты жазалау басталды.

Тергеу ісі бойынша 400-ден аса адам қамауға алынған. Алдын ала тергеу барысында 195 адам қылмыстық әрекеттері

Жалпы ұлт зиялылары ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртып, қалпына келтірмей – ұлттың тұтастығы мен бірегейлігін, болашағын сақтау мүмкін еместігін анық білген ғой. Олардың бұл әрекетін байқаған патшалық билік ұлт зиялыларын сепаратистер ретінде қудалауға алды. Өкінішке қарай, патшалық биліктің бұл әрекетін кеңестік билік те жалғастырып, ұлт-азаттық қозғалысты біржолата тұншықтырды. Жазалау барысында Сыр өңірінен де қаншама адам тұтқындалды, атылды. Әйгілі Зарқұм Қуанышұлы, Қожбан батыр әрі хан Жұбанұлы (1870-1930) т.б. бар тізе берсең. Ал ірі мемлекеттік дәрежедегі тұлғалар сол кездегі астанамызда істері қаралды. Атылған жерлері де бөтен жерде.

дәлелденбеген соң жауапкершіліктен босатылған. Қалған 220 адамға мемлекетке қарсы қылмыстар жасағаны үшін айып тағылған.

Тергеудің аяқталуына санаулы күн қалғанда процессуальдық тәртіпке сыймайтын жолдармен қосымша тағы жеті адамды жауапқа тартқан. Барлығы 227 адам соттан тыс Біріккен Саяси Бас басқармасының Үштігімен 1930 жылы 19 қазанда жазаланған. Оның ішінде 118 адам ату жазасына кесілген, 108 адам бас бостандығынан айырылып, концлагерьлерге жіберілген. Жалпы осындай деректер көп.

Негізі Қызылордадан жер аударылғандар саны мыңнан асуы ғажап емес. Ол кезеңдерде тіпті ру, ауыл болып көшкен ғой. Қазіргі кезде олардың ұрпақтары қайтадан көшіп келіп жатыр. Бұдан бөлек сонау зобалаң жылдарда Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халқы және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударған. Олар да біртіндеп туған жеріне қайтып жатыр.

тыпсыз. Онда қуғын-сүргінге ұшыраған жанрестер туралы нақты деректер бар ма?

– Алматы архивінен гөрі құпиясы ашылмаған өзіміздің архивімізде де деректер көп кездеседі. Алматы қаласында 1930 жылы наурыз айында Қармақшы ауданынан басталған Алтын көтерілісінің басшысы, кейін Қарақұмдағы Сарман (Сырман жожа) деген жерде хан дәрежесіне көтерілген Алтын Жұмағазы молда Бәйімбетұлы (1879-1931) атылған. Сүйегі қай жерде екені анықталуы.

– Қызылордадан кімдер ұсталып, атылған? Нақты мәліметтер бар ма?

– Репрессия заманында атылғандар туралы мәліметтер өте құпияда ұсталған. Қарапайым адамнан басшыларға дейін сотталғандар туралы істерін қарап, анықтап жатырмыз.

– XX ғасырдың бірінші жартысында зорлық-зомбылықпен жүргізілген саяси науқандар мен қуғын-сүргін кезінде елден кетуге мәжбүр болған босқындар арасында қызылордалықтардың саны қанша?

– Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру, орташаларды, кейде тіпті кедейлерді де кулактар қатарына жатқызу, жұртты мал-мүліктерінен айырып және дінге тыйым салғандықтан, Сыр бойы халқы да кеңестік жүйеге қарсы көтеріліске шықты. Соның бірі – 1930 жылы Қармақшы және

– Соңғы сауал. Жазықсыз жапа шеккен азаматтарды ақтау әлі қанша уақытқа созылуы мүмкін? Оларды толықтай ақтау үшін тағы не істеу керек деп ойлайсыз?

– Бұл жұмысты 1-2 жылда бітіру мүмкін емес. Өйткені әлі қаралмаған, архив ішінде шаң басып жатқан істер көп. Ол бірталай уақыт алады. Әр папқа ол адамның тағдыры, оны көріп, оқып, танысып алуың керек. Бір ісің 1-2 сағат уақытыңды алуы да ғажап емес. Ол адам ақтауға лайықты ма әлде лайықсыз ба дегендей. Соны түсінуіміз керек. Бізде адамбыз. Әр шешімімізге ертең жауап береміз, бірінші Алланың алдында, сосын халықтың алдында. Бұл оңай жұмыс емес. Психологиялық тұрғыдан да. Себебі әр адамның ісі мен тағдыр талайына қарап, олардың қым-қуыт кезеңде басынан өткергеніне және түсінік бергеніне қарап жүрегің ауырады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

**А.БЕРДІБАЙҰЛЫ,
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ҒАЛЫМНЫҢ БИІК ТҰЛҒАСЫ

Тарихымызды түгендеп, өткенді зерделеп, болашағымызды болжау үшін қазіргі заманда архивтердің ролі артып келеді.

Тарихты жасайтын адамдар, айрықша тұлғалар екендігін ескерсек, өз облысымыздың тарихында арнайы орны бар, айтулы тұлғалардың құжаттарын іздеп, жинақтап, архивке қабылдап, келесі ұрпаққа табыстау біздің мақсатымыз.

Қазақстан халқының тарихи-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі, ұлттық құндылық ретінде мемлекет тарапынан қорғалатын Ұлттық архив қорын байыта түсетін тарихи құнды деректермен толықтырып отырған жеке тектік қорлар да маңызды орын алады.

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиал қорындағы «Сыр елінің ғалымдары» атты қор коллекциясы бойынша ғалым-тарихшы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Абылай Хангерейұлы жеке тектік құжаттары сақтаулы.

Елімізге белгілі қоғам қайраткері, саналы өмірін Сырда өткізіп, облыстың қоғамдық-саяси өмірінде айтулы ізі қалған біртуар азамат, ғалым Абылай Айдосов 1936 жылы Ресейдегі Челябин облысының Полтава ауданындағы Георгиевка елді мекенінде дүниеге келген. Ол 1953 жылы Қостанай облысы Қарабалық ауданына қарасты Бөрлі орта мектебін бітіргеннен кейін Жана ауыл бастауыш мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған. 1954 жылы Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді алғаш игерушілерді қарсы алып, оларды орналастыруға және жағдай жасауға қатысып, белсенді түрде жұмыстар атқарған.

Облыстық комсомол ұйымына басшылық жасаған жылдары Қызылорда облысының әлеуметтік-мәдени дамуында жастардың белсенділігі арта түсті. Облыстағы салынып жатқан жаңа өндіріс орындары, Қазалы су торабы, Қызылорда және Түгіскен суармалы аймағындағы инженерлік күрші жүйелері, Фани Мұратбаев атындағы стадион Бүкілодақтық, Республикалық және аймақтың

екінді құрылыс болып жарияланды. Сыр өңірінде атақты күршіш ІЫбырай Жақаевтың озық агротехникалық әдісін игеру арқылы күршіш алқаптарында суармалы жердің мәдениетін көтеру және мол өнім алу үшін оның жас ізбасарларының қозғалысы белсенді жұмыс істеді.

Ол жауапкершілігі мол басшылық қызметте жүрсе де ғылым және педагогикалық жұмыстан қол үзбеді. Абылай Хангерейұлы 1993-1996 жылдары облыстық әкімшіліктің ішкі саясат бөлімі меңгерушісі және білім беру саласында ұзақ жылдар бойы аянбай еңбек етіп, жастар тәрбиесі мен кемел келешегіне үлкен үлес қосты. Профессордың 100-ден астам ғылыми еңбектері халық игілігіне айналып отыр.

Ұстаз ғалымның ғибратты жас ұрпаққа өнеге. Алыстаған сайын биіктей түсетін таулар сияқты жыл өткен сайын абзал ағаның кісілік келбеті кемелдене, елге қызмет етудің үлгісіндей болған өмірбаяндық белестері ұрпақтар жадында мәңгіге сақтала бермек.

Ә.ҰЗАҚБАЕВА

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының І саяси тарихы

ЛАТЫН ӘЛІПБИ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Қазақ тілін жаңғыртудың басты көрсеткіші – латын жазуына көшу! Бұл қазіргі заман талабы. Өрине «Біткен іске сыншы көп» дегендей, осы мәселеге байланысты айтылып жатқан пікірлер де әр түрлі. Бірақ еліміздің әрбір азаматы латын жазуына көшу әлемдік өркениетке жеткізудің басты жолы екенін білуге тиіс. Себебі латын қарпі адамзаттың дамуындағы ең мықты жазудың бірі. Ол XXI ғасырдағы ғылым мен техниканың, интернетпен IT технологиялардың тілі. Қазіргі қолданыстағы алфавит халқымыздың білім деңгейін, ғылыми қарымын, әдеби әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік жасайды. Алфавит ауыстыру - іргелі, ірі іс, шын мәнінде тарихи шешім. Бұл тарихи шешімнің жемісін халқымыз ғасырлар бойы көре беретін болады.

Мәңгілік ел мұратын тұғырлы ететін тарихи тандауымыз – ертеңгі ел болашағын ертеңгі деп білейік!

**Арман АЛТЫНБЕК,
Тасарық ауылдық клубының әдіскері**

СПОРТ

ҚАЗАҚ БОКСЫ: МЕРЕЙ ҮСТЕМ БОЛҒАН КЕЗ

Әлемде әуесқой бокс қарқынды дамып келе жатыр. Бұрындары құрлық біріншіліктерінде немесе әлем чемпионаттарында негізінен Куба, Ресей, АҚШ, Қазақстан, Өзбекстан сынды елдердің боксшылары жүздеп орындардан басты үміткер саналушы еді. Олардың мықты қарсыластары жыл санап көбеюде. Мысалы, соңғы жылдардағы олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарында мықтылардың көбі сүрінді. Есесіне Қытай, Украина, Монғолия, Италия сияқты көрінбей жүрген мемлекеттердің былғары қолғап шеберлері ерледі. Бұл әуесқой бокстағы бәсекелестік деңгейінің артқандығын көрсетсе керек. Мәселен есте қалған Бакуде өткен әлем чемпионатын алайық. Ойламаған жерден бейресми жалпыкомандалық есепте Украина құрамасы топ жарып кеткен еді. Қоржындарында төрт алтын. Қарсыласын оңдыртай жәнін кубалықтар сол кезде бар-жоғы екі алтынды қанағат етті. Ресейліктер бір ғана алтынмен шектелді. Ал Қазақстан болса тағы да алтынсыз қалды. Тағы да деуімізге себепте бар. 2008 жылы Миландағы әлем біріншілігінде де біздің жігіттер бас жүлде ала алмаған еді. Әрине, оның түрлі себебі бар. Бірақ сәтсіздікті боксшыларымыздың осалдығынан деп айыптамақ ойымыз жоқ. Керісінше, қарсыластарымыздың мықтылығы дейік.

Даму үшін, ел абыройын көтеру үшін Қазақстан бокс федерациясы көп жұмыс жасап жатқанын айтқан жөн. Қазіргі таңда Қазақстан құрамасының қоржынында әлем чемпионаттарынан біршама алтын бар. Лондон олимпиадасында, одан бері де де біраз топ жардық. Жеңіс тұғырынан көріндік. Бұл айтуға жеңіл болғанымен, оңай міндет емес. Бәрі ауыр еңбекпен келді. Олай дейтініміз – олимпиадаға әр ел «құзден жүйрік, мыңнан тұлпарын» қосады. Ал мықтылардың мықтысы атану үшін дене күші мен шеберлігі үйлесім қана қоймай, боксшы психологиялық жағынан да мығым болуы тиіс. Өйтпесе төккен тер босқа кетуі мүмкін. Жалпы қазақ боксшының алдында таяу келешекте тұрған басты міндет – тыңғылықты дайындалып, әрбір олимпиада да ел қоржынын алтынмен толтыру, табысты өнер көрсету. Себебі бұған дейінгі кейбір әлем чемпионаттарында оңбай ұтылып, дымсыз қалған кездеріміз бар. Осыған дейінгі чемпионаттар біздің мықты жақтарымызды ғана емес, осал тұстарымызды да айқындап берді.

Ал енді елімізде жаттықтырушылар жақсарғалы Қазақстанда боксты дамытуға жаңа көзқарас пайда болғанын

айта кету керек. Бұған мына фактілер дәлел бола алады. Жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты бұған дейін Қазақстанда да өтті. Бұл турнирлер федерация үшін үлкен сынақ болды дегуге болады. Бұны өз кезегінде бокс ұйымының біздің бокс әлеміндегі жетістігімізді мойындауы деп бағалау керек. Ел ішінде Қазақстан бокс федерациясының кубогы үшін турнир ұйымдастырылады. Оның мақсаты – бокстың өңірлерде қалай дамып жатқанын білу. Әрі әр жылдары елімізде бокс академиялары салынып, былғары қолғап шеберлерінің әлемдік деңгейде жоғары өнер көрсетуіне жағдай жасалып келеді.

Қазақ боксы жайлы сөз қозғағанда оның жеңілісін де, жеңісін де қоса айтармыз анық. Бірақ қазір кемшіліктер көп сияқты. Неге дейсіз ғой? Айтайық. Басты себеп, чемпион болған дүлдүлдердің ішкі біріншіліктерден қол үзуі. Мәселен, қазір әлі де болса әлем боксындағы негізгі фаворит боп табылатын Кубаның өзінде үздіктер чемпионаттан босатылмайды екен. Қайта олардың былғары қолғап ше-



Біздіңше, осы фактілердің өзі көп нәрседен хабар береді. Әрі қай тұста олқылықтарымыз бар екенін аңғартады. Бұдан туатын тұжырым оншалықты көңіл қуанарлық емес. Сөз жоқ, біздің боксқа үлкен серпіліс керек. Маныздысы, жақсы нәтиже көрсету.

Жалпы бокстан Қазақстан құрамасы Олимпиада ойындарына дербес мемлекет ретінде 1996 жылдан, әлем чемпионатына 1993 жылдан, Азия чемпионаты мен Азия ойындарына 1994 жылдан бері тұрақты түрде қатысып, жүлде үшін жұдырықтасып келеді. Тәуелсіздік алған тұста ел мерейін үстем еткен Атланта Олимпиадасының чемпионы, екі дүркін әлем біріншілігінің қола жүлдегері, Азия чемпионы, «Вэл Баркер» кубогының иегері Василий Жиров, Олимпиада чемпионы Ермахан Ыбыраймов пен Бекзат Саттарханов, Олимпиада ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері, Азия чемпионы Болат Жұмаділов, олимпиаданың күмісін алған Мұхтархан Ділдабеков, «Вэл Баркер» кубогының соңғы иегері Бахтияр Артаев, Бақыт Сәрсекбаев, «техникасы ең шебер боксшы» атанған Серік Сәпиевтердің жетістігін ауыз толтыра



берлері кімнің мықты екенін осы ішкі біріншілікте анықтап, құрамаға сол сәтте кімнің лайықты екенін шешіп алады. Мұның үстіне бұл елде жылда екі түрлі ұлттық чемпионат өтіп тұрады екен. Мықтылар солардың екеуінен де қалыс қалмайды. Тап осындай бағытты біз Ресейдің боксшылар сайысынан да көріп жүрміз. Оны осыдан үш жыл бұрын болған 2018 жылғы чемпионат көрсетіп берді. Тіпті көріліссен Өзбекстанда да кімнің кезекті ірі жарысқа баруға тиіс екенін осы ішкі біріншілік айғақтап тұрды. Ал біздің құрама мүшелері арасында ел чемпионатына үзбей қатысып келе жатқан боксшы аз.

Біздің көп жылдардан бері қазақ боксына қатысты байқап келе жатқан бір үрдісіміз құрама сапында Олимпиада, әлем және құрлық чемпионаттары, Азия ойындары секілді ірі халықаралық жарыстарда бас бөйге алған немесе жүлделі орындардан көрінген спортшы бірден ішкі чемпионаттан босатылады екен. Сонда бұл – оларға құрамадағы орын алдын ала белгіленіп қойылды деген сөз. Біз білетін, естіген ақпарат осындай. Токсан сөздің тобықтай түйіні алдағы уақытта осы мәселелерді түбегейлі шешу керек.

Енді жеңіс жылдарымыз бен жемісті жылдарымызға ойысайық.



мақтанышпен айта аламыз. Бүгінде осы жеңісті жолды жалғастырушылар қатары жыл сайын толығып, әлемдік аренада беделіміз артып келеді. Оған мысал кешегі әлем чемпионаты.

Қазақстандық бес боксшы әлем чемпионатының жартылай финалына шықты. Олардың арасында Абылайхан Жүсіпов, Сәкен Бибысов, Махмұд Сабырхан, Серік Теміржан және Темірғас Жүсіпов бар. Бокстан жартылай финал алғашқылардың бірі болып Махмұд Сабырхан шықты. Ол ширек финалда бразилиялық Майкл Тринидаден кездесіп, төрешілердің бірауыздан қабылдаған шешімімен жеңіске жетті. Қорытынды есеп – 5:0.

Көпшілік үміт күткен Абылайхан Жүсіпов пен Сәкен Бибысов та сенімді ақтады. Ұлттық құрама капитаны ширек

толығымен қазақстандық спортшының басымдығымен өтті. Темірғас салқынқандылығынан танбай, таиландтық боксшыға артық соққы жұмсаптай, үш раундты да бір демимен өткізді. Ал Сәкен Бибысовын 51 келі салмақ дәрежесінде Белград шаршы алаңына шықты. Әлем чемпионатының финалында қазақстандық боксшы америкалық Рискоу Хиллмен кездесті. Екеуара тартысты жекпе-жек 5:0 есебімен Сәкеннің пайдасына шешілді.

Ең соңғы 57 келі салмақ дәрежесінде әлем чемпионатының финалында Серік Теміржанов АҚШ өкілі Джамал Харвинмен жарыстың алтынның сарапқа салды. Өкінішке қарай, финалдық кездесу Харвидің еншісіне шешіліп, Серік Теміржанов әлем чемпионатының күміс жүлдесіне



финалда монғолиялық боксшымен қолғап түйістіріп, айқын басымдықпен жеңіске жетті. Ал 51 келі салмақта сынға түскен Сәкен азулы қарсыласы колумбиялық Юбергуен Мартинезбен жұлдырықтасып, келесі айналымға өтті. Сондай-ақ бұл жарыста бабы емес, бағы шаппаған отандастарымыз да болды. Осы ширек финалға дейін сүрінбей жеткен Ансанбек Шымбергенов пен ағайынды Толтаевтар және Нұрқанат Райыс пен Нұрбек Оралбай жарыс жолын аяқтады.

Осы жолы жартылай финалға өткен боксшылар саны бойынша Қазақстан, Ресей және Куба мемлекеттері көш бастап тұр. Үшеуінде де 5 боксшыдан қалды. Араға уақыт салып, ақтық сында келді 48 келіде жұлдырықтасқан Темірғас Жүсіпов финалда таиландтық Вуттинчай Юрачайды 5:0 есебімен жеңді. Сондай-ақ ол қарсыласын үшінші раундта нокаутқа жіберіп, мықтылығын дәлелдеді. Жекпе-жек

не болды. Міне, осылайша, Қазақстан ерлер құрамасы бокстан 2021 жылғы әлем чемпионатын 2 алтын, 2 күміс және 1 қола жүлдемен аяқтады.

Жалпы тізбектей берсек, қазақ боксы туралы әлі талай дүниені қаузап, жазып, айта беруге болады. Осы жолда тер төккен ұландардың қазақ беделін көтеруі жайлы айтар сөз шынында аз емес. Біздің тілге тиек етіп, ерекше атап өткеніміз қазақ боксының өткені мен бүгінгі үңілу ғана еді. Біздің айтқанымыз қанша жылдық тарихы бар ел боксындағы жеңіліспен жетістіктің бір бөлігі ғана. Сондай-ақ қазақ боксының тарихи маңызды сәттері мұнымен шектеліп қалмай, алдағы уақытта бұдан да жоғары жетістікке жететініне еш күмәніміз жоқ. Сербиядағы жетістік те әлі талай ұланның топ жаруына септігін тігізгелі сөзсіз.

Ақтілек БІТІМБАЙ

ЗЕРДЕ МЕН ЗЕЙІН ОЙЫНЫ

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай балалар мен жасөспірімдер арасында өткен «Qyzylorda Open-2021» атты республикалық турнирдің марапаттау рәсімі өтті. Қызылорда қаласы әкімінің бастамасымен алғаш рет ұйымдастырылған турнир алты күн созылды.



Интеллектуалды ойынға Қызылорда қаласы мен аудандардан және еліміздің әр өңірінен, 150-ге жуық оқушы қатысты. – Еліміздің түкпір-түкпірінен келген ойлы өрендер арасында ауыз-бірішілікті нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында өткізілген турнир өз мәресіне жетті. Аса қырағылық пен алғырлықты қажет ететін спорт түріне қызығушылық танытып жүрген оқушыларға шахмат әлемінің биік белестерін бағындыруды тілейміз, – деді қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов. Шара соңында қатарынан үздік шығып, 8, 10, 12, 14 жас аралығында жеңіске жеткен жеңімпаздар қала әкімінің бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Аталған турнир алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасын табады.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Қызылорда қаласы әкімінің кубогі үшін БАҚ қызметкерлерінің арасында шағын футболдан турнир өтті. Шараның ашылу салтанатына ҚР Мемлекеттік хатшысының хатшылығы менгерушісінің орынбасары Ержан Байтілес арнайы қатысып, командаларға сәттілік тіледі.

ЖУРНАЛИСТЕР ДОП ТЕПТІ

Бұқаралық спортты дамыту, БАҚ өкілдерінің шығармашылық достық байланысын нығайту мақсатында дәстүрлі сипатқа ие болған жарысқа «Қала әкімдігі», «Сыр медиа», «Меншікті тілшілер», «Қоғам ТВ», «Qyzylorda», «Аудандар құрамасы» командалары, барлығы 6 команда бақ сынады.



– Қала әкімінің кубогі сарапқа салынған жарыста қалам ұстаған журналистер доп тебуден де шебер екендіктерін дәлелдеді. Әрбіріңіз жеңіс жолында барлық күш-жігерлеріңізді аямай жарысты қыздырдыңыздар, – деді қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов. Тартысты өткен сайыста «Qyzylorda» теларнасының командасы бірінші орынды жүзденіп жеңіп алса, II орын «Қала әкімдігі» командасына, III орын «Меншікті тілшілер» командасына бұйырды. Ал «Үздік қорғаушы» номинациясымен «Сыр медиа» командасының ойыншысы А.Сағындықов, «Үздік қақпашы» – «Аудандар құрамасынан» А.Жолтөрек, «Үздік шабуылшы» – «Қоғам ТВ» командасынан Н.Қалабеков, «Үздік ойыншы» номинациясымен «Qyzylorda» командасының ойыншысы Б.Қошамұратов марапатталды. Турнирдің жеңімпаз және жүлдегер командаларына қаржылай сыйлықтар, кубок, алғыс хаттар берілді.

Ақмарал ҚАДЫРХАН

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

169 ҚЫЛМЫС АНЫҚТАЛДЫ

Биылғы жылдың он айында 169 есірткі қылмысы анықталды. Оның ішінде, есірткіні аса ірі мөлшерде сақтаудың – 10, есірткі сатуын – 22, есірткі өсірудің – 41 дерегі анықталды. Сондай-ақ заңсыз айналымнан барлығы 143 келі есірткі затты тәркіленсе, оның 352 грамы синтетикалық есірткі құралы болып шықты. Бұл жөнінде Оңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Еркін Тұңғышбай мәлімдеді.

«Жыл басынан бері есірткімен байланысты қылмыстық теріс қылықтардың 90 дерегі анықталды. Әлеуметтік желі арқылы синтетикалық есірткіні тарату деректерін анықтау мақсатында департаменттің қызметкерлері қала

көлемінде рейдтік іс-шаралар жүргізді. Тиісінше, облыс орталығында синтетикалық есірткі жасырылған 75 нүкте табылды. Аудымды іс-шаралардың барысында аталған қылмысты жасаған Қызылорда қаласының тұрғыны құрықталды.

Республика көлемінде 1 маусым – 30 қазан аралығында өткізілген «Қарасора-2021» жедел профилактикалық іс-шарасы кезінде есірткі өсірудің 41 дерегі тіркелді. Нақтырақ айтсақ, 16 дерек далалық аймақтан, 25 дерегі үй ауласынан және саяжайдан табылды. Есірткі өсіргені үшін барлығы 52 азамат ұсталды. Оқиға орнынан барлығы 14 мың түптен асатын сора өсімдігі жойылды», – деді Еркін Қаржаубайұлы.

Айта кетейік, тамыз айынан бастап құмды далалық аймақтарға 21 рет әуеден шолу жасалған. Бірлескен іс-шараның барысында 8 есірткі алкабы анықталды.

АВТОКӨЛІКТЕН ЕСІРТКІ МЕН ҚАРУ ТӘРКІЛЕНДІ

2 қараша күні Қызылорда қалалық полиция басқармасының патрульдік полиция батальоны 35 жастағы қала тұрғынының басқаруындағы «Mitsubishi Space Wagon» автокөлігін тоқтатқан. Профилактикалық түсініктемесі жұмыстарын жүргізу кезінде полицейлер автокөліктің артқы орындығында қару бар екендігін байқаған. Тексеру барысында табылған зат еш жерде тіркелмеген қару болып шықты.

Оқиға орнына жедел-тергеу тобы шақыртылып, тәртіп сақшылары көлік ішінен газет қиындысына оралған есірткі затын, заңсыз қару және 17 патрон тәркіледі. Аталған дерек бойынша қазір ҚР Қылмыстық кодекстің 296-бабының



2-бөлігімен және 287-бабының 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде.

Дайындаған А.БІТІМБАЙ
Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

<p>Меншік иесі:</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Бас директор</p> <p>Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</p> <p>Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы</p> <p>Бас редактор</p> <p>Азиз БАТЫРБЕКОВ</p>	<p>Телефондар:</p> <p>Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)</p> <p>Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)</p> <p>Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)</p> <p>Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)</p> <p>Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)</p>	<p>Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН</p> <p>Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.</p> <p>«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.</p> <p>Аптаасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p>Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігін ескертіледі.</p> <p>Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68</p> <p>Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.</p> <p>Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.</p> <p>Таралымы 4424 Тапсырыс №1629</p> <p>Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ</p>
---	--	---	--	--	---